

8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Таушанова Майя Карибаевнаң «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының, атап айтсақ, «Өмір және денсаулық туралы ғылым» атты басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады. Докторант М.К.Таушанованың ұсынған диссертациялық зерттеу жұмысы маңыздылығының толық ашылуымен ерекшеленеді. Талаптарға сәйкес докторант зерттеу барысында алынған деректерді талдап, маңызды нәтижелерді анықтады: Ақтөбе облысы және қаласы бойынша глаукомдан біріншілік, жалып және мүтедектік көрсіткештері

		зерттелді; офтальмологтарды сұрастыру нәтижесінде глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылау жүйесінің кемшіліктері айқындалып, олардың тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленді; медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде науқастарға арналған глаукома мектебі ашылды; глаукома мектебінің тиімділігін анықтау мақсатында науқастардың емдеуді ұстану дәрежесі және өмір сапасының көрсеткіштері анықталды. Докторант М.К. Таушанова зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін қазіргі заманғы ғылыми әдістерді пайдаланып, кең ауқымды статистикалық және сараптамалық талдау жүргізді. Алынған мәліметтер глаукоманы басқару стратегияларын жетілдіруде практикалық маңызға ие және денсаулық сақтау жүйесіне интеграциялануы мүмкін. Жалпы алғанда, диссертациялық зерттеу ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы толық ашылған деп бағаланады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	Диссертациялық жұмыс дәстүрлі академиялық стильде, жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Зерттеу бағытын анықтау, зерттеу бағдарламасын әзірлеу, оның көлемін айқындау, барлық кезеңдерінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, статистикалық бағдарламаны тандау, деректерді өңдеу, зерттеу нәтижелерін түсіндіру және талқылау, диссертацияны жазу, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаларды тұжырымдау, қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастыру толығымен докторант М.К. Таушанованың дербес еңбегінің нәтижесі болып табылады.
		Зерттеу тақырыбының өзектілігі зерттеумен және осы саладағы рецензияланған әдебиеттердің көлемімен

	2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	расталалады, диссертациялық жұмыстың әдеби шолуында және кіріспе бөлімінде негізделген. Бүгінгі таңда халық арасында глаукоманың ерте диагностикасының жеткіліксіздігі, науқастардың емделуге ұстанымының төмендігі және динамикалық бақылаудың жетілдіру қажеттілігі қоғамдық денсаулық сақтау саласы үшін өзекті мәселе болып табылады.
		Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын көрсетеді.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	
	1) айқындайды;	
	2) ішінара айқындайды;	
	3) айқындамайды.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Қойылған мақсатқа жету үшін бірнеше міндет қалыптастырылды, оларды шешу үшін зерттеу объектілері әдіснамалық тұрғыдан дұрыс таңдалды.
	1) сәйкес келеді;	Таңдаған диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Талаптарға сәйкес докторант зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін бірқатар нәтижелерді қалыптастырды.
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері өзара логикалық байланыста болып, жоспарланған нәтижелерге дәйекті әрі жүйелі түрде қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	М.К.Таушанованың диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер логикалық тұрғыдан дәйекті, ғылыми негізделген және сыни талдауы бар деп сипатталады. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетел әдебиеттер көздерінен, өз
	1) сыни талдау бар;	
	2) талдау ішінара жүргізілген;	

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	зерттеулерінің деректерін сыни талдау нәтижесінде алынды, зерттелетін мәселені шешу жолдары сипатталды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен қорғауға шығарылған ережелердің барлығы отандық қоғамдық денсаулық сақтау саласында алғаш рет анықталғандықтан, жұмысты толығымен жаңа деп бағалаймын. Диссертациялық зерттеудің қорытындылары толығымен жаңа және қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша докторант зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келетін ғылыми негізделген қорытындылар тұжырымдады. Жұмыс қорытындылары ғылыми-теориялық дәлелдерге, тәжірибелік нәтижелерге, статистикалық көрсеткіштерге негізделгендігі М.К.Таушанованың диссертациялық жұмысында келтірілген қорытындылары толығымен жаңа екенін көрсетеді. Технологиялық және басқару шешімдері жаңа және толық негізделген және Қазақстан Республикасының авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы алынған куәліктер, енгізу актілері және әзірленген әдістемелік ұсыныстармен дәлелденген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолигатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Алынған нәтижелердің сенімділігі талданған материалдың үлкен көлемімен, зерттеу және статистикалық өңдеу әдістерімен расталады. Докторанттың қорғауға шығарылған ғылыми жаңалығы, тұжырымдары мен қорытындыларының дұрыстығына күмән келтірмейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Қорғауға шығарылған бірінші ереже: Ақтөбе облысында глаукомамен ауыратын науқастардың біріншілік және

		жалпы аурушандық деңгейіне, сондай-ақ мүгедектік көрсеткіштеріне жүргізілген кешенді ретроспективті зерттеу олардың үнемі артып келе жатқанын көрсетті. Аймақтағы біріншілік мүгедектік көрсеткіші республика бойынша ең жоғары деңгейде екені анықталды. Соңғы бес жылда біріншілік аурушандықтың республикалық орташа көрсеткіштен 1,68 есе жоғары болуы аталған мәселеге ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл деректер офтальмологиялық көмек көрсетудің ұйымдастырушылық аспектілерін қайта қарау қажеттілігін дәлелдейді. Бұл ғылыми тұжырым өзінің жаңашылдығымен, өзектілігімен ерекшеленеді және оны тәжірибеде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.
7.1 Ереже дәлелденді ме?		Нәтижелер ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің сапа жөніндегі комитеті ұсынған 2 мақала түрінде жарияланды, сондай-ақ екі авторлық куәлік алынды.
1) дәлелденді;		Қорғауға шығарылған екінші ереже: Глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылау жүйесінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде бірқатар жүйелі кемшіліктер бар екендігі анықталды.
2) шамамен дәлелденді;		Атап айтқанда, офтальмологтардың пациенттерді қабылдау уақыты шектеулі, медициналық жабдықтар мен диагностика құралдарының жетіспеушілігі байқалады, ал динамикалық бақылаудағы науқастарды қарау жиілігі стандарттарға сәйкес келмейді. Сонымен қатар, офтальмологтардың біліктілігін үздіксіз жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Осы факторлар глаукоманың ерте диагностикасы мен тиімді бақылауына кедергі келтіреді, бұл өз кезегінде аурушандық пен мүгедектік деңгейінің артуына ықпал етеді. Бұл ғылыми ереже өзінің дәлелденгендігімен, жаңашылдығымен және денсаулық сақтау жүйесінде кеңінен қолданылу
3) шамамен дәлелденбеді;		
4) дәлелденбеді;		
5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.		
7.2 Тривиалды ма?		
1) ия;		
2) жоқ;		
3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.		
7.3 Жаңа ма?		
1) ия;		
2) жоқ;		
3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.		
7.4 Қолдану деңгейі:		
1) тар;		
2) орташа;		
3) кең		
4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.		
7.5 Мақалада дәлелденген бе?		
1) ия;		
2) жоқ		
3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.		

мүмкіндігімен ерекшеленеді. Ереже дәлелденген, тривиалды емес, жана әрі кең қолдану шеңберіне ие. Бір авторлық куәлік алынды.

Қорғауға шығарылған үшінші ереже: Глаукомамен ауыратын науқастар үшін арнайы «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасы әзірленіп, оны Ақтөбе қаласының емханаларына енгізу жүзеге асырылды. Бағдарлама науқастардың емдеуді ұстануын жақсартуға және олардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Бағдарлама аясында пациенттерге глаукоманың себептері, емдеу әдістері, тамақтану, дене белсенділігі және психологиялық қолдау бойынша жан-жақты ақпарат берілді. Тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері оның тиімділігін растады, науқастардың емдеуге деген бейімділігі мен ауруды басқару дағдылары айтарлықтай жақсарғаны байқалды. Бұл ғылыми тұжырым өзектілігімен және офтальмологиялық көмекті ұйымдастырудағы практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері халықаралық рецензияланатын Bangladesh Journal of Medical Science журналында жарияланды және докторант бірінші,корреспондент автор болып табылады . Сонымен қатар, екі авторлық куәлік және екі енгізу актісі алынды.

Қорғауға шығарылған төртінші ереже:

Алынған ғылыми деректер мен халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылау жүйесін жетілдіруге арналған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленді. Бұл ұсынымдар глаукоманы ерте анықтау, науқастарды жүйелі бақылау, емдеудің тиімділігін арттыру және офтальмологиялық қызметті оңтайландыру шараларын қамтиды. Сондай-ақ, ұсыныстардың бір бөлігі ретінде

		«Глаукома мектебі» атты әдістемелік құрал дайындалды, ол медициналық мекемелерде науқастарға кеңес беру мен оқыту барысында қолданылуда. Бұл ғылыми тұжырым дәлелденген, жаңашылдық элементтері бар және денсаулық сақтау жүйесінде кеңінен қолдануға болатындығымен ерекшеленеді. Өзірленген әдістемелік құрал глаукомамен ауыратын науқастардың ақпараттану деңгейін арттыруға және олардың емдеу процесіне белсенді қатысуына ықпал ететін маңызды ресурс болып табылады.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;
		2) жоқ.
		Әдістемені тандау негізделген, деректерді жинау мен статистикалық өңдеудің қолайлы әдістері қолданылған. Зерттеу хаттамасы жұмысты жоспарлау кезеңінде жергілікті этикалық комитеттің оң пікірімен қаралды. Диссертанттың зерттеу жұмысында жасаған талдаулары, қорытындылары дәйектілік принципіне негізделіп, нақты статистикалық талдаулар мен зерттеу материалдары арқылы әдіснамасы нақты көрсетілген. Ретроспективтік, бір мезетті көлденең зерттеу, рандомизацияланбаған эксперименттік зерттеу әдістері қолданылған, сонымен қатар зерттеу мақсаты мен міндеттеріне жету үшін ақпараттық, аналитикалық, әлеуметтік, статистикалық әдістер пайдаланылған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Статистикалық талдау және алынған деректерді визуализациялау R 4.4.0 (R Foundation for Statistical Computing, Вена, Австрия) статистикалық есептеу ортасы арқылы статистикалық өңдеудің дұрыс әдістерін репрезентативті түрде іріктеу және пайдалану докторантқа деректерді дұрыс түсіндіруге және сенімді қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік берді.
		1) ия;
		2) жоқ.

9	Практикалық құндылық қағидағы	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық тұжырымдар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар статистикалық көрсеткіштердің дұрыс және тиісті есептеулерімен дәлелденіп, расталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Автордың қорғауға ұсынған барлық талаптары мен ережелері әлемдік қоғамдастықта әлеуметтік желілер мен дәйексөздер арқылы егжей-тегжейлі талқыланып, өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен қамтамасыз етілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Докторант әдебиет көздерінің жеткілікті көлемін зерттеді, ол жарияланған мақалаларға сәйкес 231 дереккөзді құрайды.
9	Практикалық құндылық қағидағы	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның қоғамдық денсаулық сақтау ғылымы үшін теориялық маңызы жоғары. Диссертацияның теориялық маңызын КеАҚ «Марат Оспанов атындағы Қазақстан медицина университетінің» Ғылыми кеңесінде бекітіліп, Ақтөбе қаласындағы «№1 қалалық емхана» және «№4 қалалық емхана» базаларында «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасын тәжірибелік денсаулық сақтау жүйесіне енгізу бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асырылып, ендіру актілерімен расталады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	«Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасын енгізу науқастардың өз ауруы туралы ақпараттандырылу деңгейін арттырып, емдеуді ұстануын жақсартуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде асқынулардың даму қаупін төмендетіп, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		мүмкіндік береді. Динамикалық бақылауды жетілдіру бойынша ұсынылған ғылыми негізделген тәсілдер бастапқы медициналық-санитарлық көмек тәжірибесіне енгізілуі мүмкін, бұл глаукомаға ерте диагностика жасау мен тиімді ем жүргізуге ықпал етіп, аурудың асқыну жиілігін азайтуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылаумен айналысатын медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар көрсетілетін медициналық көмектің сапасын одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Тәжірибе бойынша ұсынылған ұсыныстар толығымен жаңа деп бағаланады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	«Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі өзектілігі жоғары, ғылыми жаңалығы бар және толық аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеу жоғары академиялық деңгейде қазақ тілінде жазылған, ғылыми стилі нақтылығымен және түсініктілігімен ерекшеленеді. Жұмыс ғылыми этика талаптарына сәйкес орындалған және ғылыми-техникалық талаптарға сай ресімделген, бұл оның жоғары академиялық жазу сапасын дәлелдейді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Рецензиялау барысында кемшіліктер болған жоқ.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары, бұл олардың халықаралық рецензияланатын журналдарда және ҚР Ғылым және жоғары білім министрілігінің сапа жөніндегі комитеті ұсынған журналдарда жариялануымен расталады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Таушанова Майя Карибаевнаның «Глаукомамен ауыратын наукастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігі жоғары, маңызды ғылыми нәтижелері бар және толық аяқталған зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес орындалған. Осыған байланысты, ізденуші 8D10101 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

PhD., күндізгі стационар менгерушісі,

«Қазақ «Құрмет белгісі» орденді көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС



Аудитер
Ташитова Л.Б.
Нач. отдела по учр. ОН / Ортаққор А.И.